

«Қазақ тілін зерттеу әдістері мен әдіснамасы» пәнінен  
білім алушыларға арналған өздік жұмыс тапсырмалары

1-апта

БӨЖ тапсырмасы:

1. Зерттеу жұмысыңызда қандай әдістер пайдаланасыз? Сол әдістерге сипаттама беріңіз.
2. Ол әдістерді неге таңдап алдыңыз, соны дәлелдеңіз.

2-апта

БӨЖ тапсырмасы:

1. Зерттеуіңізде сандық әдістерді қолданудың жұмыс жоспарын жасаңыз.
2. Зерттеуіңізде сапалық әдістерді қолданудың жұмыс жоспарын жасаңыз.

3-апта

БӨЖ тапсырмасы:

1. Зерттеу тақырыбыңыз бойынша сандық әдісті пайдалану мүмкіндігін қарастырып, зерттеу жасаңыз.
2. Зерттеу тақырыбыңыз бойынша сапалық әдісті пайдалану мүмкіндігін қарастырып зерттеу жасаңыз.

4-апта

БӨЖ тапсырмасы:

1. Анкета әдісімен жүргізілген қазақ тіліндегі диссертацияларды тауып, сыни талдау жасаңыз (жазбаша).
2. Зерттеу тақырыбыңыз бойынша анкетаны дайындау және жүргізу процесін сипаттап жазыңыз.

5-апта

БӨЖ тапсырмасы:

Зерттеу тақырыбыңыз бойынша анкета түрлері мен сұрақтарын дайындаңыз.

6-апта

БӨЖ тапсырмасы:

Қазақ тіліндегі корпустармен танысып, салыстырмалы талдау жасаңыз.

7-апта

БӨЖ тапсырмасы:

Қазақ тілінде жарық көрген корпустық лингвистика зерттеулеріне сараптама жасаңыз.

8-апта

БӨЖ тапсырмасы:

Зерттеу тақырыбыңыз бойынша кейс-зерттеу әдісін қолдануды негіздеңіз.

9-апта

БӨЖ тапсырмасы:

Зерттеу тақырыбыңыз бойынша сауалнама үлгісін дайындаңыз.

10-апта

БӨЖ тапсырмасы:

Зерттеу тақырыбыңыз бойынша сұхбат әдісін қолданудың жоспарын жасаңыз, талдаңыз.

11-апта

БӨЖ тапсырмасы:

Зерттеу тақырыбыңыз бойынша екі гипотеза дайындаңыз, дәлелдеңіз (жазбаша жұмыс).

12-апта

БӨЖ тапсырмасы:

Лингвистикалық этнография әдісі туралы қазақ тіліндегі зерттеулерге сыни талдау жасаңыз (жазбаша)

13-апта

БӨЖ тапсырмасы:

1. Зерттеу тақырыбыңыз бойынша интернетте іздеу жасаңыз және кілт сөздерді белгілеңіз.
2. Мен дәрісте көрсеткен ЕҰУ-дің деректер базаларынан (көрсете отырып) зерттеу тақырыбыңыз бойынша тапқан еңбектерге сілтеме жасаңыз (сілтеме мен берген БЖҒМ үлгісімен).
3. Мен дәрісте түсіндірген Google Scholar деректер базасымен жұмыс жасап, зерттеу тақырыбыңыз бойынша тапқан еңбектерге сілтеме беріңіз (сілтеме мен берген БЖҒМ үлгісімен).

14-апта

БӨЖ тапсырмасы:

Вебсайттарды пайдаланудағы негізгі қағидалар: дәлдік, беделділік, объективтілік, ағымдылық (реферат)

15-апта

БӨЖ тапсырмасы:

- Зерттеу келісімшартын дайындаңыз.
- Ақпараттандырылған келісім дайындаңыз.
- Зерттеу тақырыбыңыз бойынша құпиялылық және анонимдік принциптеріне қатысты сұрақтарды сипаттап дәлелдеңіз.

#### **Әдістемелік нұсқау:**

БӨЖ тапсырмаларын дайындауда дәріс материалдарын және семинар сұрақтарында көрсетілген әдебиеттерді басшылыққа алыңыз. Берілген әдебиеттерден сұрақтарға сәйкес (ауытқымай) нақты жауап әзірлеу қажет. Әдебиеттердегі ой-пікірлер мен тұжырымдарға сыни тұрғыдан қарап, салыстырмалы талдау жасаңыз. Берілген әдебиеттерден басқа да мақалалар, оқулықтар мен оқу құралдарын пайдалану ұсынылады.

БӨЖ тапсырмасын жазбаша түрде семинар сұрақтарымен бірге дайындау қажет. БӨЖ жауабы Платонус базасына Тапсырмалар бөліміне жүктеледі немесе оқытушының электронды поштасына жіберіледі.